

**№18 КОЛЛЕДЖ МКҚК –НЫҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ІШКІ ТАЛДАУ
АНЫҚТАМАСЫ**

Шұбар ауылы

24.07.2023ж.

1. Нормативтік құқықтық база

№18 колледж МКҚК өз қызметінде келесі нормативтік – құқықтық актілерді басшылыққа алады.

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл туралы» Заңы.
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы «Білім туралы» Заңы,
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына,
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а.2021 жылғы 21 шілде №354 бұйрығы;
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығы;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

2. Есептік кезең

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы кезеңі 2022 жыл және 2023 жылдың өткен мерзімі кезеңінде өткізіледі.

№ 18 колледж МКҚК-нің 2023 жылдың 12 маусымдағы № 49 бұйрығымен жұмыс тобы құрылып, 2022 жылдың қаңтар айы мен 2023 жылдың маусым айының аралығын қамтыды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау кестеге сәйкес 2023 жылдың 23 маусымы мен 07 тамыз аралығында жүргізілді.

1. Білім беру, оқу бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлықты тәуекелдерін жою:

2022-2023 оқу жылының ІІ семестрде колледж студенттері штаттық форматта оқыды. Барлық сабақтар, оның ішінде зертханалық, практикалық жұмыстар мен кәсіптік практика штаттық режимде өткізілді. Мамандықтар бойынша оқу жоспарлары колледждің индустриальды кеңесінде талқыланып, мақұлданды және колледж директорымен бекітіліп «Талап» КЕАҚ мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларының реестріне енгізілді. Жаңа оқу жылында 163 білім алушы қабылданып, бір ауысымда жүргізілді.

Сабақтар бір ауысымда өтті. Сабақ кестесі мен қонырау кестелері қаралып колледж директорымен бекітілді. Оқу жұмысының барлық түрлерінің оқу сабақтары үшін 5 минуттық үзіліспен ұзақтығы 45 минуттық академиялық сағат белгіленген. Бір жұптық сабақтың ұзақтығы 2 академиялық сағатты яғни 90 минутты құрайды. Бір жұптық сабақтан кейін 10 минут және білім алушылардың тамақтануы және белсенді демалуы үшін 2 жұп сабақтан кейін ұзақтығы 30 минут үзіліс қарастырылған.

Жұмыс оқу жоспарлары, оқу үрдісінің кестесі, сағаттар кестесі, оқытушылардың жылдық жүктемелері 31.08.2022 жылғы педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген.

«Жалпы білім беретін пәндер» модулі 1440 сағат, 60 кредитті құрайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталды. Жалпы білім беру пәндер модуліндегі «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген 48 сағат 2022 жылғы 3 тамыз №348 бұйрығына сүйене отырып осы модульдің «Қазақстан тарихы» пәніне бөліп берілді.

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын оқу топтарында сағат кестесі бойынша барлығы 23338 сағат, оның ішінде 17196 сағат теориялық оқытуға, 6152 сағат өндірістік оқытуға бөлінген.

Қосымша және факультативтік сабақтар студенттердің сұранысы бойынша айқындалды.

1 курс:

- Өлке тану – 35 сағат;
- Парасаттылық мектебі – 15 сағат;
- Патриоттық тәрбие – 48 сағат;
- Математика мектебі – 22 сағат;

2 курс:

- Экономиканың даму сатылары – 70 сағат;
- Wordskilсталаптары – 50 сағат
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері – 30 сағат;

3 курс:

- Шығармашылық жұмыс тобы – 60 сағат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері – 30 сағат;

1 жылдық оқу топтары үшін

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері – 30 сағат;
- Шығармашылық жұмыс тобы – 60 сағат;

Студенттердің міндетті оқыту сабақтарының апталық жүктемесі 36 сағаттан кем емес. Штаттық кестеге сәйкес инженер – педагог мамандардың саны – 55. Орташа педагогикалық жүктемелері – 735,5 сағат.

Білім алушылардың сабаққа қатыстылығын және білімін бағалау:

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес жүргізілді. Бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі:

- оқытушыға оқу жетістіктерінің әр деңгейіндегі білім алушылар санатын объективті бағалауға және сенімді түрде саралауға мүмкіндік береді;

- жаңа шешімдер іздеуге және ғылыми-шығармашылық белсенділікті (креативті құзыреттілікті) дамыта отырып, оқу және оқудан тыс уақытта білім алушылардың жүйелі түрде өзіндік белсенді қажеттілігін ынталандырады;

- оқу мен жеке жетістіктерін өзіндік бағалау рефлексияға әсер етеді. Рефлексия мінез-құлықты және өзін-өзі дамытуды реттеудің негізгі факторына айналады және білім алушының болашақтағы жетістіктерін алдын-ала анықтайды.

Оқыту нәтижелері теориялық білімдерді, практикалық дағдыларды, дербестік пен жауапкершілік дәрежесін сипаттау арқылы, біліктілік деңгейін анықтау бойынша жалпы ұсыныстар ретінде беріледі. Оқу жұмыс бағдарламалар модульдік-кредиттік технологиясы негізінде жасалынған. Бір кредит 24 сағатты құрайды.

Емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ереже:

Кәсіптік модульдің нәтижесі бойынша аралық емтихандар қарастырылған. Қорытынды аттестаттау модульдер бойынша кешенді емтихан және демонстрациялық емтихан түрінде, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларын" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығына 2 қосымша негізінде жүргізілді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы негізінде аралық аттестаттаудың емтихан ведомостары рәсімделген. Сараланған бағамен өткізілетін бақылау жұмыстары, сынақтар, емтихандар тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын пәндер немесе модулдер бойынша жүргізілген.

Аралық және қорытынды емтихан алу түрлері педагогикалық кеңесте бекітілген. Білім алушыларды емтихан нысанына аралық аттестаттаудан өткізу барысында емтихан билеттері, тест тапсырмалары құрастырылып, оқу бөлімімен бекітіледі. Емтихан кезінде білім алушылардың білімін бағалау дәстүрлі және балдық жүйе бойынша жүзеге асырылып, өтілу барысы оқу бөлімі тарапынан бақыланған.

Колледжде білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу үшін колледж директорының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылған. Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы жұмыс берушілер өкілдерінен 60% -дан кем емес және білім беру ұйымы өкілдерінен 40% - дан артық емес арақатынаста құрылған.

2. Кадрлық қызмет бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін

жою:

№18 колледж МКҚК-ның 2023 жылға бекітілген 81 бірліктегі штат кестесіне сәйкес жұмыс жасайды. Оның ішінде 42 инженер- педагог кадрлар, 39 тұрмыстық және әкімшілік шаруашылық жөніндегі персонал. Бүгінгі таңға бос жұмыс орындары 1,0 бірлікте кадр бөлімінің меңгерушісі.

Біліктілік талаптары бойынша:

Педагог кадрлардың сапалық құрамы:

2022-2023 оқу жылы бойынша 42 инженер- педагогтардың біліктілік санаттары:

Жоғары – 5

Бірінші – 6

Екінші – 10

Санаты жоқ – 21

Педагог зерттеуші – 2

Педагог сарапшы – 1

Педагог модератор – 3

Педагог магистр - 1

Білім беру ұйымдарының бос лауазымдарына орналасу, бос жұмыс орындарын жариялау Ордабасы аудандық Халықты жұмыспен қамту орталығы, Электрондық биржа арқылы жүзеге асырылады.

Бірінші жарты жылдықта жұмысқа қабылданған қызметкерлердің барлығы 3 адамды құрайды олар 1 өндірістік оқыту шебері, 1 оқытушы, 1 еден жуушы. Жұмыстан босатылғандар саны 7 адам оның ішінде: маусымдық жұмысқа қабылданған 6 от жағушы, зейнет жасына жеткен 1 кір жуушы босатылған. Босатылған бос орындар жайлы еңбек. kz порталы арқылы электрондық келісім шарттары тоқтатылып бос жұмыс орындары жарияланған.

3. Қаржы-шаруашылық бөлімлері бойынша сыбайлас тәуекелдерін жою:

Мекемеге бөлінген қаржыларды қаржы жылына арналған міндеттемелер мент өлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалған.

- 2023 жылға бекітілген қаржыландыру жоспарының 753024015 бағдарламасы бойынша жылдық қаржы соммасы 241525,0 мың теңге, оның ішінде жарты жылға қаралған қаржы 182900,0 мың теңге; 753024011 бағдарламасы бойынша жылдық қаржы соммасы 94020,0 мың теңге, жарты жылға қаралған қаржы 64545,0 мың теңге; бөлінген және жарты жыл есебі бойынша 89 % қаржы игерілді.

инвентаризациялық тізімдер бойынша:

-Мекеме ішінде 2022 жылдың 10 қазанда №69 бұйрық негізінде тауарлы-материалды құндылықтарға түгендеу жұмыстары жүргізіліп, есептен шығарылды.

Жұмыс уақыты парағы бойынша қызметкерлердің ай сайынғы еңбекке ақы төлеу өз уақытысында толық көлемде жүргізілген.

Студенттерді ыстық тамақпен қамтамасыз ету конкурсы кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының мемлекеттік сатып алуды конкурсының қорытындысы бойынша 2023 жылғы 6 қаңтардағы тауарларды жеткізу туралы келісім шарт жасалды. 1 адамға шаққандағы тамақтану нормасы күніне 657 теңге 47 тиын құрайды. Кәсіпорындар мен ұйымдарда практикада жүрген студенттерге тамақтану қаражаты банк картасына төленіп отырады.

Шәкіртақы төлеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

Студенттерге шәкіртақы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысына сәйкес, аралық емтихан сессиясының нәтижелері бойынша "өте жақсы"-25055 теңге, "жақсы"-21787 теңге төленеді. Жетімдерге - 28323 теңге шәкіртақы төленеді. Шәкіртақы бұйрыққа және сабаққа қатысу табеліне сәйкес, жеке банк картасына ақша аудару жолымен төленеді.

4. Әлеуметтік - тәрбие қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

-Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V заңына сәйкес №18 колледжде

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары жұмыс жоспары колледж директорымен бекітілді. Колледж 1 қабатында сенім жәшігі қойылған. Колледж кіре берісінде ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бойынша департаменті 1424 ССАЛ-орталығының және оқу орнының Сенім телефон номерін, басқа да мобильдік топтардың сенім сымтетіктері көрсетілген.

Жетім және оларға теңестірілген студенттерге бөлінетін қаржы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

Колледжде 2022-2023 оқужылының басында 1 студент жетім анықталды. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысына сәйкес, 2023 жылдың ақпан айында киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету үшін әр студент басына -146000 теңгеден қаражат бөлінген және әлеуметтік педагогтың қатысуымен АКТ түзіліп, кеткен қаражаттың есебі нақты көрсетілген.

Студенттердің, оқытушылардың әлеуметтік сауалнамасының нәтижелері туралы:

- Білім алушылардан «Таза сессия», «Білім алушының көзқарасы», оқытушылар және қызметкерлерден қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, ұжымдағы моралдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін зерделеу мақсатында жасырын сауалнама жүргізілген. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық дәлелдері мен дәйектері кездеспеді.

Оқытушылар мен қызметкерлердің ар-намыс кодексі:

-Оқытушылар мен қызметкерлердің ар-намыс кодексі бекітілген, сондай-ақ, кәсіподақ жұмыс жасайды.

Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының ережесі:

- Студенттердің «Жас ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының жоспары бекітілген, ұйым мүшелері сайланған. Жоспарға сәйкес атқарылған іс-шаралары колледждің әлеуметтік желілеріне жарияланып отырған.

«Саналы ұрпақ» студенттер клубы туралы ереже, жұмыс жоспары, жүргізілген іс-шаралар туралы есептер:

-«Саналы ұрпақ» клубының жетекшісі қазақ тілі пәнінің оқытушысы Қ.Даумекөв және 20 білім алушы мүшелері бар, жұмыс жоспары бекітілген.

Жұмыс жоспарына сәйкес атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желілерде орналастырылып отыр.

Мекеме веб-сайтының контенті:

-Әлеуметтік желідегі сілтемелер:

Сайт: <https://18college.kz/>

Фейсбук: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100024470093801>

Инстаграмм: <https://www.instagram.com/18college/>

Ютуб каналы: <https://www.youtube.com/channel/UCfWgKD86xaZGgrkZY2BiZVA>

Эл почта: pl1857@mail.ru


Ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалған жоқ.


Жұмыс тобының төрағасы:

Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары  А.Серікбай

Жұмыс тобының мүшелері:

Кадр бөлімінің меңгерушісінің м.а.  А.Беспаева

Бас есепші  Ж.Сапархан

Кәсіподақ ұйымының төрағасы  Б.Омаров